



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ ПР-8014 от 02.09.2024

**2024-2025 оқу жылында
білім беру үйымдарындағы
тамақтандыруды
үйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармағының 11 тармақшасына, 48 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру үйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру үйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды үйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі үйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары» туралы бұйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес БҰЙЫРЫМЫН:

Білім беру мекемелерінің басшыларына:

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды үйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.

2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып аулар бөліміне тапсырылсын.

3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.

4. Бракераждық комиссия құрамы білім беру үйымдары Басшыларының төрағалығымен бекітілсін.

5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.

6. Білім беру үйымдарындағы тамақтануды үйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, окушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын.

8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабак арасындағы қонырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

9. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын окушылардың контингентіне байланысты қарастыру).

10. Сапалы тамақтандырудың ұйымдастырылуы бойынша ақпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

11. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін.

12. Тамақтанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін.

13. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде қажетті ақпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мүлікті басқарудағы өкілетті органдына («Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып аулар басқармасы» ММ) уақытында берілсін.

14. Буфеттегі тамақтану бағасы (прейскуантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бақылауға алсын.

15. Окушыларды тамақтандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. альтыншын тасталсын) ұйымдастырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары С.Адылбаевқа жүктелсін.

**Астана қаласы
Білім басқармасының басшысы**

Қ.Сенғазыев